Әрине патша үкіметінің Қазақстанға қоныс аудару саясатының отарлық мәні жоғары болды және ауыр демографиялық салдарының болуымен ерекшеленді. Демек патша үкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ даласының көп ұлттылық сипатын қалыптастырды. Қазақстанның көпұлтты елге айналуына түрткі болған қоныстандыру саясатының отарлық мәні жоғары. Өз жерінде азшылыққа айналған қазақтардың қоныс аударушылармен етене өмір сүруі орыстандыру мен христиандандыру саясатының нәтижелі жүруіне жағдай жасады. Орыс шаруаларының қазақ даласында шектен тыс көбеюі, олардың шаруашылық өнімдеріне деген сұраныс өз кезегінде орыс тілінің қоғамдағы орнын айқындады. Күнделікті өмірде қазақтар мен қоныс аударушылар арасындағы байланыстар белсенді жүрді. Жергілікті басқармалар, білім ошақтарымен қатар, ұйымдастырылатын жәрмеңкелер арқылы қазақтар қоныс аударушылар белсенді байланысқа түсті. Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман қазақ даласында орыс шаруаларының елді-мекендері көбейіп, оларды қазақ қоныстарымен біріктіру орыстандыру саясаты тұрғысынан көп артықшылық беретіндігін атап өтті (ҚР ОМА. 19-қ. 1-т. 26-іс. 139–140-пп.). Бұл өз кезегінде патшалық биліктің орыстандыру саясаты сәтті жүруі үшін

өлкеде қоныс аударушылардың сандық көрсеткіштерінің жоғары болу керектігіне назар аударуына алып келді. Демек демографиялық сипаттағы өзгерістер қазақ даласындағы жергілікті халықтың сандық үлесінің азайып, қазақ мүддесі мен қызығушылығына қарама-қарсы болды және отарлық мәні айқын сезілді деп айтуға толық негіз бар.

Рас қоныс аударушылар қазақ даласындағы халық құрамын қаншалықты өзгертті деген мәселені анықтамас бұрын жергілікті халықтың сандық үлес салмағын анықтаудың қажеттілігі туындайды. Алайда ресми жүргізілген 1897 жылғы халық санағына дейінгі мәліметтер толыққанды емес. XIX ғасырдағы қазақ халқының жалпы санын анықтау мәселесі ғылыми қауымдастық тарапынан қызығушылық тудырып келеді. Алайда деректің жоқтығы салдарынан мәселеге қатысты нақты тұжырым жасаудың мүмкіндігі жоқ. Ең алғашқы қазақ халқының саны туралы ақпараттарды А.И. Левшин беруге тырысады. Алайда автор да қазақтардың саны туралы бар мәліметтердің өзі нақты емес екендігіне мән берген. 1830 жылғы мәліметтерге қарағанда қазақтардың жалпы саны 500 отбасы болған дей келе, бір отбасында бес-алты адамнан болғанда шартты түрде 2,5 миллион немесе 3 миллион адамды құрайтындығы туралы мәліметтер келтіреді. А.И. Левшин Ұлы жүз қазақтарының саны 500 мың астам, Орта жүз қазақтары 1 360 000 адам, Кіші жүз қазақтарының шартты саны 1 100 000 астам адам болғандығын да нақтылай түседі (Левшин, 1996: 288).

Я.П. Гавердовский өзінің еңбегінде XIX ғасырдың басында қазақ халқының жалпы саны туралы берген мәліметтеріне қарағанда Ұлы жүз қазақтарының жалпы саны 70 мың отбасы, Орта жүзде 169400 отбасы және кіші жүзде 169500 отбасы бар өмір сүрген (Гавердовский, 2007: 406). Отандық зерттеушілер Ж.С. Аубакирова мен А.Н. Алексеенко өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында Я.П. Гавердовскийдің берген мәліметін басшылыққа алып, әр отбасында кемінде бес адам өмір сүреді дей келе, қазақтардың жалпы саны шамамен 2 миллион 44500 адам болуы мүмкін деген мәліметтер береді (Аубакирова, Алексеенко, 2020: 73–77). XIX ғасырдың өзінде қазақ халқының саны турасындағы мәліметтерді Ш. Уәлихановтың да еңбектерінен байқаймыз. Әрине Ш. Уәлиханов та қазақтардың нақты санын анықтау ісінің қиындығына мән береді. Дегенмен қолда бар мәліметтердің негізінде Ш. Уәлиханов қазақтардың саны 1,5 миллион адам болған деген пікір білдіреді (Валиханов, 1985: 203). Демек 1897 жылға дейінгі қазақ халқының саны жөнінде пікір білдірген авторлардың келтірген мәліметтерінен біз нақты тұжырым жасаудың қиындығын алға тартамыз. Ресми санақ өткенге дейінгі мәліметтер негізінен халықтың санына емес, үйлердің санына арналған. Өйткені жүргізілген әкімшілік реформалардың қорытындыларына сай, жиналатын салық үйлерге салынып, түтін салығы деп аталды. Сондықтан да адам санын емес, түтіннің немесе үйлердің санын анықтауға бағытталған мәліметтерді басшылыққа ала отырып, адам санын тек шартты түрде ғана анықтауға мүмкіндіктер бар. Түтін салығы үшін әр үш жылда үйлердің жалпы санын анықтау жұмыстары жүргізіліп тұрды. 1897 жылғы санаққа сай, қазақтардың үлес салмағы әсіресе Семей, Торғай өлкелерінде байқалған. Қоныс аударушылар Дала генерал-губернаторлығы территориясына көптеп келгендігіне қарамастан Семей өлкесіндегі қазақтардың үлес салмағы 90,6 % құраса, Торғай өңіріндегі қазақтардың үлесі 88,3 % болды (Первая, 1904: 38–39). Орыстардың үлес салмағы әсіресе Ақмола және Орал облыстарында ерекше байқалды. Ақмола облысы аумағына орыс шаруаларының келуіне қатысты Т. Шонанұлы өзінің еңбегінде бірқатар мәліметтер келтіреді. Мысалы Ақмола облысы аумағына алғашқы орыс шаруаларының алғаш қоныстана бастағанын дәл анықтау қиын екендігін атап өтіп, 1866 жылы облыс аумағында орыс елді мекендері пайда бола бастағандығы туралы мәліметтер келтіреді. 1879 жылы патша үкіметі ресми түрде облыс аумағына көшуге рұқсат бергендігін көрсетеді. Осыған дейін пайда болған 317 орыс елді-мекені аз жылдың ішінде күрт өседі. Т. Шонанұлы оның себебін орыс шаруалары арасында тараған «лақап хабар» деп түсіндіреді. Көп әрі тегін жерлердің берілетіндігі кеңінен тараған соң, қазақ даласына орыс

шаруалары да белсенді қоныс аудара бастаған. Т. Шонанұлы орыс шаруалары алғаш қоныстанған Көкшетау және Қызылжар аумағы екендігін айта келе, мұндағы орыс шаруаларының сандық құрамы әр жылдары қаншалықты өзгергендігін анықтаған. 1860–1881 жылдар аралығындағы халық санындағы өзгерістерге мән бере отырып, 1860–1875 жылдар аралығында бар болғаны 30 үй немесе 150 адам ғана болса, 1876–1878 жылдар аралығында 287 үй немесе 1700 адамға көбейгендігі туралы мәліметтер береді. 1879–1881 жылдары 304 үй немесе 1800 адамға өскен (Шонанұлы, 1995: 137). Халықтың тығыздығы әсіресе Оңтүстік аудандарда байқалды. Жоғарыда атап өткеніміздей халықтың 90,4 % ауылды жерде тұрса, тек 9,6 % ғана қалада өмір сүрді. Санақ нәтижелеріне мән беретін болсақ, Қазақстанның барлық облыстарында моноэтностық белгілер сақталмады. Түрлі ұлттардың шоғырлануы, ұлттық құрамның біртекті болмауы ең алдымен патша үкіметінің отарлық сипаттағы қоныстандыру саясатымен тығыз байланысты болды. Алпыстан астам ұлттардың басын қосқанымен, қазақ даласында екі негізгі ұлттың басымдылығы байқалды. Қазақтардың үлес салмағы 74 % құраса, орыс халқының үлесі 13 % болды. Қазақстанның барлық облыстарында қазақтардың үлес салмағы жоғары болды. Тек қана Ақмола облысында ғана қазақтардың үлесі 62,6 %-ды құрап, салыстырмалы түрде алғанда төмен саналды (Первая..., 1905: 50–51). Сол сияқты Орал облысы да Ақмоладан кейін орыс халқы көптеп шоғырланған аумаққа жатты. Әрине салыстырмалы түрде алғанда түрде алғанда қазақтардың үлес салмағы жоғары болды. Мысалы облыс аумағында қазақ тілді халық саны 460173 болса, орыс тілді халықтың саны 163910-ды құраған. 1897 жылғы санақ бойынша қазақ жеріндегі орыстардың саны 633311 адамды құрады. Бұл жалпы халық санының 13 % еді. Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты нәтижесінде олардың саны XIX ғасырдың соңына қарай өсе түскендігін байқаймыз. Мысалы Қазақстанның батыс өңіріндегі халықтың 25,4 % орыс халқының үлесіне тиді. XIX ғасырдың соңына қарай біз жоғарыда атап өткен орыстар көптеп шоғырланған облыс аумағындағы орыстардың саны өсе түсті. Қазақстанның солтүстік аудандарындағы орыстардың саны 23 % құраса, Ақмола облысындағы орыстардың үлесі 33 % болды. Салыстырмалы түрде алғанда қазақтар көп шоғырланған Торғай жеріндегі орыстардың үлесі 7 %-ға жуық болды. Біз жоғарыда қоныстандыру саясатының негізгі мақсаттарының бірі қазақ жерінің табиғи байлығын игеру болғандығын атап өттік. Демек қоныстандыру саясатының нәтижесінде өнеркәсіп орындарының дамуы орын алып, нәтижесінде қала тұрғындарының саны бірқатар облыстарда өсе түсті. Орал, Ақмола, Торғай жерлерімен қатар, Жетісу облысындағы қала тұрғындарының саны артты. Қала тұрғындарының арасында негізінен орыс және татар ұлтының үлес салмағы жоғары болды. Жетісу облысы аумағына қоныс аударушылардың келуімен жаңа қоныстар мен елді-мекен, ауылдар пайда болды. Мысалы 1832 жылдан бастап 1914 жылға дейінгі аралықта Жетісу облысына келген қоныс аударушылардың есебінен жаңадан 191 ауыл пайда болған. Оларда жиыны 170 мыңға жуық қоныс аударған шаруалар өмір сүрді (Галузо, 1965: 219). Жетісу облысында пайда болған орыс шаруаларының жаңа ауылдары жүйелі жоспарланған жұмыстардың заңды қорытындысы болды. Өйткені генерал-губернатор фон Кауфманның жеке нұсқауына сай Жетісу облысындағы әскери губернатор Колпаковский Жетісу облысын орыс шаруаларының көмегімен отарлаудың жоспарын даярлаған болатын. Жоспарға сай Жетісу облысының бес уезінде 1345 отбасынан тұратын 33 ауыл, 47 жол бекеттерінің әрқайсысында 470 отбасын орналастыру ісі жоспарланды (Материалы для статистики, 1872: 197). Мұндай халық құрамының өзгеруі мен сандық көрсеткіштерінің ұлғаюы тек қана Жетісу емес, барлық облыс аумағынан байқауға болады.

Патша үкіметі қазақ даласына келуі тиіс шаруалардың мүмкін болған шегін толықтай орындаған соң, уақытша қоныс аударуға тыйым салды. Алайда жер тапшылығын сезінген шаруалар қазақ жеріне заңсыз көше бастады. Жетісу облысына әр жылы 1375 отбасын орналастыру көзделген болатын. 1882 жылы 1718 отбасы артығымен орналастырылды

(Обзор., 1884: 3). XX ғасыр басында бекітілген жоспардан асып кеткендіктен қоныс аударушылар заңсыз келе бастады. 1903 жылы 17 мың қоныс аударушы заңсыз келсе, бұл көрсеткіш 1904 жылы 23 мыңға өскен. Осылайша мемлекеттің ұйымдастыруы және шаруалардың өз белсенділігі нәтижесінде қазақ даласына шаруалар көптеп келе бастады. Рас қарастырып отырған жылдары Қазақстан аумағында тек қазақ және орыс халқы ғана болған жоқ. Алайда өзге ұлттардың басым көпшілігі патша үкіметінің қоныстандыру саясаты нәтижесінде келе қойған жоқ. Дегенмен осы жылдардағы көші-қон саясаты және қазақ халқының мүддесін ескермеу нәтижесінде Қазақстанның көпұлтты сипаты қалыптасты. Қазақ халқының мүддесінің ескерілмеуі ең алдымен қазақтар иеленген жерлерді мемлекеттік меншік деп танып, қоныс аударушылардың пайдасына алып беруден көрінді. XX ғасырдың басына дейін қоныс аударушылардың пайдасы үшін алынған жерлердің көлемі 40 миллион десятина жерді құрады. Ол жалпы Қазақстан жер аумағының 20 % құрады. Әрине қоныс аударған орыс шаруаларының сандық көрсеткіштерінің жоғары болуы және олардың барлығы дерлік жермен қамтамасыз етілуі өз кезегінде жергілікті тұрғындар арасындағы жер тапшылығын тудырды. Ол турасында Алаш қайраткерлерінің бірі болған М. Есболұлы өзінің еңбегінде Түркістан облысы аумағында орыс шаруалары үшін 1900 мың десятина егістік жердің алынғандығы туралы мәліметтер береді. Сонымен қатар осы жерлерде орыс шаруаларының 950 шамасында елді-мекендері пайда болған. Сөзсіз аталған жерлер қазақтардың пайдаланып отырған жері болғандығын ескерсек, жергілікті халық арасындағы жер тапшылығының көлемін де топшылауға болады. Сонымен қатар М. Есболұлы келтірген Түркістан халқының ұлттық құрамы туралы мәліметтері де жергілікті халықтың үлес салмағының жоғары болғандығын дәлелдейді. Түркістандағы жүз адамның 8-і орыс шаруасы болды дей келе, олардың иеленіп отырған жер көлемі жергілікті халықтан 15 есе көп екендігін көрсетеді (Есболұлы, 1923: 11). XIX ғасырдың аяғы және XX ғасыр басындағы Түркістан облысындағы орыс шаруаларының көптеп жер иеленіп, дәстүрлі шаруашылықты тығырыққа тіреу әрекеттері бүтіндей қазақ өлкесіне тән болғаны анық еді. XX ғасырдың басында, Столыпин аграрлық реформасы нәтижесінде қоныс аударушылардың саны тіпті көбейе түскендігін ескерсек, қазақтардан тартып алынған жер көлемі де ұлғайды. Мысалы XX ғасырдың басына дейін қазақ даласына қоныс аударғандардың саны 521 мың шамасында болса, Столыпиннің аграрлық реформасы жүзеге асқан жылдары (1906–1914) 714 мыңнан астам шаруалар көшіп келді. Нәтижесінде патша үкіметінің қоныс аудару саясаты салдарынан қазақ даласына 1 миллион 434 мыңнан астам шаруалар орналастырылды. Зерттеуші Н.В. Алексеенко Қазақстан аумағына көшіп келгендер қатарында казактардың үлесінің де жоғары болғандығын анықтаған. 1870–1914 жылдар аралығында Орал казактарының саны 84,2 мың адамнан 161,6 адамға артқан. Мұндай өсім Сібір казактарында да байқалған. Мысалы олардың саны 86 мыңнан 170-ға жуық адамға артса, Жетісу казактарының саны 33757 адамнан 54350-ға дейін өскен. XX ғасыр басына дейін Қазақстанға көшіп келген казактардың саны қарқынды түрде өсіп, 385 мың адамға дейін жеткен (Алексеенко, 1999: 27). Қазақстан аумағына келген қоныс аударушылардың сандық көрсеткіштеріне қатысты мәліметтерде ортақ тұжырым жоқ. Дегенмен барлық зерттеушілердің ортақ тұжырымына сай, қоныстандыру саясаты Қазақстанның этникалық құрамына түбегейлі өзгерістер енгізгендігі мойындалады. Зерттеуші М.Н. Тұрсынбаева Қазақстан аумағына жалпы жиыны 1 миллион 234 мыңнан астам қоныс аударушылар келгендігін көрсетеді. Әрине зерттеушілер қазақ даласына қоныс аударған шаруалардың өлкенің демографиялық ахуалына күрделі өзгерістер енгізгендігін атап өтеді. Назар аударарлық жайттың бірі қазақтардың үлес салмағының кемуі болып табылады. Рас 1897 жылғы санақ барысында Қазақстанда қазақтардың үлес салмағы басым болды. Алайда патша үкіметінің алдымен әскери-казактар, кейіннен шаруалардың қоныс аудару саясаты арқылы қазақтардың үлес салмағын азайта алды. XX ғасырдың басында-ақ қазақтар азшылықты құрайтын ұлтқа айнала бастады. Әрине бұл

жылдары қазақтар механикалық жолмен болмаса да, табиғи жолмен өскендігін байқаймыз. Мысалы жекелеген зерттеушілер 1870 жылы қазақтардың жалпы саны 2 миллион 596 мың адам болған деп көрсетеді (Казиев, 2014: 117). XIX ғасырдағы барлық отбасыларға тән ерекшелік бала туу көрсеткіштерінің жоғары болуында еді. Алайда өмір сапасының төмендігі мен медициналық қолдаудың тиісті дәрежеде болмауы салдарынан өлім көрсеткіштері де жоғары болды. Сондықтан халықтардың табиғи өсімі өзінің қарқындылығымен ерекшелене алмады. Демек халық өсімі көп жағдайда патша үкіметінің қоныстандыру саясатының нәтижесінде орын алып отырды. Қазақ даласында келген қоныс аударушылар негізінен Ресейдің оңтүстік аудандары мен басым көпшілігі Украина жерінен болды. XX ғасыр басында келген қоныс аударушылардың 83 %-дан астамы Украина және 17 %-ға жуығы Ресейдің оңтүстік аудандарынан келді. XX ғасыр басында табиғи өсім емес, көші-қон саясатының нәтижесінде 1301,4 мың адам келді. Бұл патшалық Ресейден жан-жаққа қоныс аударғандардың 24,9 % құрады (Козина, 2007: 31). Демек бұл жайтты патшалық Ресейдің көші-қон саясаты арқылы отарлауды көздеген деп бағалауға толықтай негіз бар. Осылайша әскери-казактарды қазақ даласына орналастырудан басталған саясат шаруалардың қоныс аударуына жалғасты. Екеуінің отарлық сипаты басым болды. XX ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің бірі М. Тынышпаев 1897 жылғы халық санағының қорытындыларына қатысты және 1917 жылға қарай қазақ даласындағы демографиялық ахуалды сипаттай келе, әр уездер бойынша өзіндік статистикалық мәліметтер келтіреді. Нәтижесінде М. Тынышпаевтың есебі бойынша қазақтардың саны 2 миллион 910 мың адамды құраған. Алайда М. Тынышпаев Семей, Орал, Ақмола, Торғай облыстары мен Бөкей Ордасы және Адай уезі қазақтарының ғана сандық көрсеткіштеріне тоқталған (Тынышпаев, 1925: 61). Т. Шонанұлы 1896–1905 жылдар аралығында орыс шаруалары көптеп қоныстанған облыстардағы сандық көрсеткіштер туралы төмендегідей мәліметтер береді. Ақмола облысы бойынша көшіп келген орыс шаруаларының саны 163033 адамды құраған. Салыстырмалы түрде алғанда Столыпин аграрлық реформасы жылдары олардың саны 490257 адамға өскендігін атап өтеді. Семей облысына қоныс аударғандардың саны 11047 адам болса, Столыпиннің аграрлық реформасы жылдары 122867 адамды құраған. Торғай облысы аумағына 60018 адам көшіп келсе, кейіннен бұл көрсеткіш 213793 адамға дейін жеткен (Шонанұлы, 1995: 140). 1897 жылы өткен санақтың қорытындысына сай қазақ даласында орыс халқының үлес салмағы анағұрлым өсе түскендігі байқалады. Мысалы Ақмола облысы тұрғындарының жалпы саны 682608 адамды құраса, соның 225641 адамы орыстар болған. Сол сияқты Семей облысының 684590 тұрғының 68433 орыстар болды. Орал облысында тұратын 645121 адамның 163910-ы, Торғай облысының 453416 адамының 35028 орыстар болды. Жетісу облысының статистикалық көрсеткіштеріне қарасақ халық барынша тығыз орналасқандығын байқаймыз. 987863 тұрғынның 95465 орыстар болды. Халық көп орналасқан облыстардың бірі Сырдария облысы саналды. Мұндағы 1478398 адамның 44834 орыстар болған. Қазақ даласына қоныс аударған орыс шаруаларының 80 % отбасымен бірге көшсе, тек 5 % ғана салт басты болғаны анықталып отыр. Ақмола облысының өзі 1860–1890 жылдар аралығында 20350 қоныстанушыларды қабылдаған. Қазақ даласына келген орыс шаруаларының барлығы дерлік сіңісіп кете алған жоқ. Мысалы XX ғасыр басына дейін қоныс аударған шаруалардың 13617-і кері көшкен. Ең көп кері көші-қон үдерісі Ақмола облысынан байқалған. 1900 жылы облыс аумағынан 11694 адам кері көшкен болатын. Зерттеуші Дж. Демко оның басты себебі ретінде қолайсыз климаттық жағдай, ормандардың аздығы, көшуге рұқсаттың болмауы, үй салып, жер өңдеуге қаржының жетіспеуі деп көрсетеді (Демко, 1997: 64–73). Қазақ жеріне қоныстанған орыс шаруаларының басым көпшілігі өздеріне алған жерлерге ұқыпсыз қарап, оның жарамдылығына үлкен зиянын тигізді. Тіпті алған жерлерін пайдаланбай отырған шаруалар да көптеп табылды. Бұл жер тапшылығын сезінген қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына да кері әсер етті. Осы ретте бір атап өтетін жайт, патша шенеуніктері

арасында қазақтардың шаруашылық күйреуін қаламағандары да болған. Мысалы 1874 жылы генерал Г.А. Колпаковский қоныс аударушылар пайдаланбай отырған жерлерді қазақтарға қайтарып береді. Қазақтарға қайтарылған жерлердің көлемі он мың десятина жерді құраған (Қойгелдиев, 1995: 28). Біздің пікірімізше мұндай шенеуніктер азшылықты құрады. Ол турасында М. Есболұлы өзінің еңбегінде орыс шаруаларына жер бөліп беру ісінде қазақтардың қажеттілігін ескеруді қалаған және қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына кері әсер ететіндей жерді тартып алуға қарсы болған шенеуніктер де болғандығын атап өтеді. Алайда олардың сөзін ескеретін адам болмаған. Сол себепті қазақ жерін күштеп тартып алу ісі әрі қарай жалғасын таба берді (Есболұлы, 1923: 16–17). Демек орыс шаруаларын қоныстандыру ісіне жауапты тұлғалар қазақ халқының мүддесіне қарсы бұйрық шығарып, қоныс аударушылардың пайдасын ойлаған шенеуніктер көптеп саналды.

Қорытынды

Жалпы қоныс аударушылардың қазақ даласына көшірілу мәселесі кеңестік тарихнамада қазақ қоғамына ерекше оң нәтиже берген жайт ретінде қарастырылып, ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды. Мұндай тұжырымды ұстанушылар қоныс аударушылардың қазақтарға егіншілік мәдениетін үйретті деген пікірді басшылыққа алады. Алайда тарихи деректерге мән беретін болсақ, бұл пікірдің негізсіз екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені орыс саяхатшыларының өзі алғаш қазақ даласына келгенде суару жүйесінің бар екендігін атап өтіп, егіншілік тиісті деңгейде дамыды деген ақпараттар береді. Рас дәстүрлі қазақ қоғамында егіншілік жаппай шаруашылық түріне жатпады. Бұл шаруашылық түрімен тек жатақтар, көшіп-қонуға қажеттілігі жоқ малсыз адамдар айналысты. Дегенмен қоғамның белгілі бір топ мүшелері айналысқаны анық. Сол себепті қоныс аудару үдерісінің жағымды жақтары ретінде бұл жайтты келтірудің ғылыми негізі жоқ. Керісінше қоныс аударушылардың үлкен бөлігі ежелден егіншілік үшін қолданылып келген егістік алқаптарын қиратып, жарамсыз етіп отырғаны туралы мәліметтер кездеседі. Шұрайлы жерлерді тартып алып, жер байлығына немқұрайлы қарау, оны жою сынды жағымсыз әрекеттерімен егіншілік мәдениетінің дамуына теріс әсер етті. Тіпті егіншілікке арналған жер телімдерін құнарын тауысып пайдаланып, келесі жерлерге көшіп кетіп отырды. Жоғарыда атап өткен ормандарды жою әрекеттерінің салдарынан егістік жерлер өз құнарынан айырылды.

Кеңестік тарихнамада патша үкіметінің қоныстандыру саясаты және оның дәстүрлі қазақ қоғамына әсері көп жағдайда оң нәтиже тұрғысынан бағаланды. Тек еліміздің егемендік алуы және ғылыми-зерттеу жұмыстары қандай да бір идеологияның әсерінен құтылған соң ғана қоныстандыру саясатының теріс жақтарына, оның отарлық астары мен демографиялық сипаттағы салдарына ерекше мән беруге мүмкіндіктер алды.

Патша үкіметінің қоныс аудару саясаты Ресейге шекаралас аудандарға тікелей бағытталды. Дала генерал-губернаторлығы құрамына кірген солтүстік аудандарға қоныс аударушылар көптеп орналастырылды. Бұл өз кезегінде патша үкіметінің орыстандыру және христиандыру саясатының аталған аумақтарда белсенді әрі нәтижелі жүруіне түрткі болды. Патша үкіметінің қарастырып отырған жылдары отарлық саясаты қоныстандыру арқылы әлеуметтік салаға да тереңірек әсер етті. Аталған мәселе диссертациялық жұмысымыздың келесі тараушасына негіз болады.

ДЕРЕККӨЗДЕР

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

SOURCES

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Алексеевко, 1999 — *Алексеевко Н.В., Алексеевко А.Н.* Население Казахстана за 100 лет. Усть-Каменогорск, 1999. 158 с.
- Аристов, 2001 — *Аристов Н.А.* Усуни и кыргызы или кара-кыргызы: Очерки истории и быта населения западного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии. Бишкек: Илим, 2001. 582 с.
- Аубакирова, Алексеевко, 2020 — *Аубакирова Ж.С., Алексеевко А.Н.* Численность казахского населения степного края // VIII Востоковедческие чтения памяти С.Г. Лившица. Материалы международной научно-практической конференции. Барнаул, 2020. С. 73–77.
- Валиханов, 1985 — *Валиханов Ч.* Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. Алматы: Казахская советская энциклопедия, 1985. 461 с.
- Всепопданейший доклад, 1990 — *Всепопданейший доклад* Совета министров о необходимости издания манифеста против аграрных беспорядков // *Совет министров Российской империи. 1905–1906 гг.* Документы и материалы. Ленинград: Наука, 1990. 264 с.
- Галузо, 1965 — *Галузо Г.Г.* Аграрные отношения на юге Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1965. 378 с.
- Гавердовский, 2007 — *Гавердовский Я.П.* Обзорение Киргиз-кайсацкой степи // История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 620 с.
- Демко 1997 — *Демко Дж.* Орыстардың Қазақстанды отарлауы: 1896–1916. Алматы: Ғылым, 1997. 230 б.
- Есболұлы, 1923 — *Есболұлы М.* Түркістандағы келімсектер орнаған аудандардағы жер мәселесі. Ташкент, 1923. 50 б.
- Исаев, 1891 — *Исаев А.А.* Переселения в русском народном хозяйстве. Санкт-Петербург: издание Цинзерлинга, 1891. 47-48 с.
- «Қазақ» газеті, 1998 — *«Қазақ» газеті.* Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. 560 б.
- Қозыбаев, 1993 — *Қозыбаев М.Қ.* Аласұрған XX ғасыр // Казахстан в начале XX века. Алматы, 1993. 225 б.
- Қойгелдиев, 1995 — *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 368 б.
- Казиев, 2014 — *Казиев С.Ш.* Переселенческий вопрос в национальной политике Советского государства в Казахстане в 1920-е годы // Вестник Пермского университета. № 3(26). 2014. 117 с.
- Кронгардт, 1889 — *Кронгардт Г.К.* Население Киргизии в последней трети XIX – начале XX века: по материалам северных районов. Фрунзе, 1889. 90 с.
- Левшин, 1996 — *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: Санат, 1996. 656 с.
- Материалы, 1872 — Материалы для статистики Туркестанского края. Выпуск 1. 1872. 297 с.
- Обзор, 1884 — Обзор Семиреченской области 1882 г. Верный, 1884. 144 с.
- О добровольном переселении, 1889 — О добровольном переселении сельских обывателей и мещан на казенные земли и о порядке перечисления лиц означенных сословий, переселившихся в прежнее время // Полное собрание законов Российской империи. Собрание третье. Том 9. Санкт-Петербург, 1889. 728 с.
- Первая всеобщая 1904 — Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Тургайская область. Книга 87 / под ред. Н.А. Тройницкого. Санкт-Петербург, 1904. 123 с.
- Свод законов, 1910 — Свод законов Российской империи. В 16 томах. Том 1. Москва, 1910. 331 с.
- Столыпин, 2011 — *Столыпин П.А.* Нам нужна 2011 — Нам нужна Великая Россия! Полное собрание речей П.А. Столыпина в Государственной думе и Государственном совете. 1906-1911 гг. Москва: Книжный клуб Книгобек, 2011. 464 с.
- Тасилова, 2011 — *Тасилова Н.А.* «Кыргыздардың (казактардың) жер пайдалану материалдары» — Қазақстан тарихының дерек көзі (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы). Алматы: Қазақ университеті, 2011. 158 б.
- Тынышпаев, 1925 — *Тынышпаев М.* Материалы по истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925. 108 с.
- Шонанұлы, 1995 — *Шонанұлы Т.* Жер тағдыры – ел тағдыры. Алматы: Санат, 1995. 223 б.

REFERENCES

- Alekseenko, Alekseenko, 1999 — *Alekseenko N.V., Alekseenko A.N.* Naselenie Kazakhstana za 100 let [The population of Kazakhstan in 100 years]. Ust-Kamenogorsk: EKTU, 1999. 158 p. (In Rus.).
- Aristov, 2001 — *Aristov N.A.* Usuni i kyrgyzy ili kara-kyrgyzy: Ocherki istorii i byta naseleniya zapadnogo Tyan-Shanya i issledovaniya po ego istoricheskoy geografii [Usuns and Kyrgyz or Kara-Kyrgyz: Essays on the history and life of the population of the Western Tien Shan and research on its historical geography]. Bishkek: Pim, 2001. 582 p. (In Rus.).
- Aubakirova, Alekseenko, 2020 — *Aubakirova Zh.S., Alekseenko A.N.* Chislennost' kazakhskogo naseleniya stepnogo kraya [The number of the Kazakh population of the steppe region]. 8th Oriental studies readings in memory of S.G. Livshic. Materials of international scientific and practical conference. Barnaul, 2020. Pp. 73–77. (In Rus.).
- Valikhanov, 1985 — *Valikhanov Ch.* Sbranie sochinenij v pyati tomakh [Collection of works in 5 volumes] Vol. 4. Almaty: Kazakhskaya sovetskaya enciklopediya, 1985. 461 p. (In Rus.).
- Всепопданейший доклад, 1990 — *Всепопданейший доклад* Soveta ministrov o neobkhodimosti izdaniya manifesta protiv agrarnykh besporyadkov [The most respectful report of the Council of Ministers on the need to publicize the manifesto against agrarian riots]. Council of Ministers of the Russian Empire. 1905–1906. Documents and materials. Leningrad: Nauka, 1990. 264 p. (In Rus.).
- Galuzo, 1965 — *Galuzo G.G.* Agrarnye otnosheniya na yuge Kazakhstana [Agrarian relations in the south of Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 1965. 378 p. (In Rus.).
- Gavardovskij, 2007 — *Gavardovskij Ya.P.* Obozrenie Kirgiz-kajsaczkoj stepi [Review of the Kirghiz-Kaisak steppe]. The history of Kazakhstan in Russian sources of the XVI–XX centuries. Almaty: Dajk-Press, 2007. 620 p. (In Rus.).

- Demko, 1997 — *Demko G.J.* Oristardin Kazakstandi otarlau: 1896-1916 [The Russian colonization of Kazakhstan: 1896-1916]. Almaty: Gylym, 1997. 230 p. (In Kaz.).
- Esboluly, 1923 — *Esboluly M.* Turkistandagi kelimsektek ornagan audandardagi zher maselesi [Land issue in the migrant districts of Turkestan]. Tashkent, 1923. 50 p. (In Kaz.).
- Isaev, 1891 — *Isaev A.A.* Pereseleniya v russkom narodnom khozyajstve [Resettlement in the Russian national economy]. Saint-Petersburg: izdanie Czinzerlinga, 1891. 47–48 p. (In Rus.).
- Kaziev, 2014 — *Kaziev S.Sh.* Pereselencheskij vopros v naczional`noj politike Sovetskogo gosudarstva v Kazakhstane v 1920-e gody [The resettlement issue in the national policy of the Soviet state in Kazakhstan in the 1920s]. Bulletin of Perm University. No 3(26). 2014. 117 p. (In Rus.).
- Krongardt, 1989 — *Krongardt G.K.* Naselenie Kirgizii v poslednej treti XIX – nachale XX veka: po materialam severnykh rajonov [The population of Kyrgyzstan in the last third of the 19th – early 20th century: based on the materials of the northern regions]. Frunze: Ilim, 1989. 90 p. (In Rus.).
- Levshin, 1996 — *Levshin A.I.* Opisanie kirgiz-kazachikh ili kirgiz-kajsczckikh ord i stepej [Description of Kirghiz-Kazak or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes]. Almaty: Sanat, 1996. 656 p. (In Rus.).
- Materialy, 1872 — *Materialy dlja statistiki Turkestanskogo kraja.* Vypusk 1. 1872. 297 p. (In Rus.).
- Stolypin, 2011 — *Stolypin P.A.* Nam nuzhna Velikaya Rossiya! Polnoe sobranie rechej P.A. Stolypina v Gosudarstvennoj dume i Gosudarstvennom sovete. 1906–1911 gg. [We need Great Russia! Complete collection of speeches by P.A. Stolypin in the State Duma and the State Council. 1906–1911]. Moscow: Knizhny`j klub Knigovek, 2011. 464 p. (In Rus.).
- Obzor, 1884 — *Obzor Semirechenskoj oblasti 1882 g.* [Overview of the Semirechye region in 1882] Verny, 1884. 144 p. (In Rus.).
- O dobrovol`nom pereselenii, 1889 — *O dobrovol`nom pereselenii sel`skikh oby`vatelej i meshhan na kazenny`e zemli i o poryadke perechisleniya licz oznachenny`kh soslovij, pereselivshikhsvya v prezhnee vremya* [On the voluntary resettlement of rural inhabitants and philistines on state lands and on the procedure for transferring persons of the indicated classes who moved in the past]. Complete collection of laws of the Russian Empire. Collection 3. Vol. 9. Saint-Petersburg, 1889. 728 p. (In Rus.).
- Trojniczkij (ed.), 1904 — *Trojniczkij N.A.* Pervaya vseobshhaya perepis naseleniya Rossijskoj imperii 1897 g. Turgajskaya oblast. Kniga 87 [The first general census of the population of the Russian Empire in 1897. Turgai region. Book 87]. Saint-Petersburg, 1904. 123 p. (In Rus.).
- Qazaq, 1998 — *Qazaq newspaper.* Almaty: Kazak jenciklopedijasy, 1998. 560 p. (In Kaz.).
- Qozybaev, 1993 — *Qozybaev M.K.* Alasurgan XX gasir [Fierce 20th century]. Kazakhstan in the early 20th century. Almaty, 1993. 225 p. (In Kaz.).
- Qojgeldiev, 1995 — *Qojgeldiev M.* Alash qozgalysy [Alash movement]. Almaty: Sanat, 1995. 368 p. (In Kaz.).
- Shonanuly, 1995 — *Shonanuly T.* Zher tagdiri – el tagdry [Fate of land is a fate of people]. Almaty: Sanat, 1995. 223 p. (In Kaz.).
- Svod zakonov, 1910 — *Svod zakonov Rossijskoj imperii.* V 16 tomakh [Code of Laws of the Russian Empire. In 16 volumes.] Vol 1. Moscow, 1910. 331 p. (In Rus.).
- Tasilova, 2011 — *Tasilova N.A.* «Kyrgyzdardin (kazaktardyn) zher pajdalanu materialdary» – Kazakstan tarihnyn derek kozi (XIX g. sony – XX g. basy) [Materials on Kirghiz (Kazakh) land use – sources on the history of Kazakhstan (late XIX – early XX centuries)]. Almaty: Kazak universiteti, 2011. 158 p. (In Kaz.).
- Tynyshpaev, 1925 — *Tynyshpaev M.* Materialy po istorii kirgiz-kazakhskogo naroda. [Materials on the history of Kirghiz-Kaisak people]. Tashkent, 1925. 108 p. (In Rus.).

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бенхур Ч., Жолдасұлы Т.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ТҮРІК МЕДИАСЫ.....7

Ван Каппел Г., Томас А.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖӘНЕ ТОТАЛЬДЫ СОҒЫС: ТАБЫСТЫ АЛЪЯНС? (СЫНИ ТАЛДАУ).....16

Қуанбай О.Қ.

ЖАПОНИЯНЫҢ ПОСТБИПОЛЯРЛЫ ЖҮЙЕ ДӘУІРІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ.....26

Нұрмұхамбетов А.А.

XX ҒАСЫР БАСЫНДА ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ

ОҚУЛЫҚТАР ДАЙЫНДАУДАҒЫ РӨЛІ.....41

Ошан Ж., Бөгенөев Ж.С.

ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУШЫЛАРЫ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚЫТАЙ АРХИВИ

ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ БҰРЫТТАР (ҚЫРҒЫЗДАР) ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР.....53

Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А., Морякова М.Т.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЭЛИТА:

ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕН КӨШПЕЛІ ИМПЕРИЯҒА ДЕЙІН.....68

ТАРИХ

Бижигитова Қ.С. Джемпеисова Ж.М.

XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҒЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ КАЗАКТАРЫ:

СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....84

Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.К.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ 1940–1950 ЖЫЛДАРДЫҢ

БАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....97

Комилов Н., Қасымова, Д.Б., Байжұманова З.Б.

«САДУАҚАСОВШЫЛДЫҚ» МӘНМӘТІНІНДЕГІ КСРО-ДАҒЫ

ТЕРГЕУ ІСІ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БҰРМАЛАУШЫЛЫҚТАРЫ (1928–1938).....111

Коньрова А.М.

1860–1890 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ: ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.....124

Мұхатова О.Х.

ВЕРНЫЙ ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ.....138

Ташағыл А., Мұқанова Г.Қ.

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҒЫШ АСТАНАСЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.....154

Шукеева А.Т., Буканова, Р.Г. Утегенов М.З.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЫҢ ИГЕРУ

АУДАНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ.....166

АНТРОПОЛОГИЯ

Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.

«ХАН ОРДАСЫ» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНДЕГІ

ҚҰДЫҚТЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТӘЖІРИБЕСІ.....179

Сакенов С., Бороффка Н.

ҚОЛА ОРАҚ-ШАЛҒЫ – БУРАБАЙ МАҢЫНАН ТАБЫЛҒАН ЗАТ.....194

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Бенхур Ч., Жолдасулы Т. НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА И ТУРЕЦКАЯ ПРЕССА.....	7
Ван Капель Г., Томас А. СОВРЕМЕННОСТЬ И ТОТАЛЬНАЯ ВОЙНА: УДАЧНЫЙ АЛЬЯНС? (КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ)	16
Куанбай О.К. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ЯПОНИИ В ЭПОХУ ПОСТБИПОЛЯРНОЙ СИСТЕМЫ.....	26
Нурмухамбетов А.А. РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПОДГОТОВКЕ УЧЕБНИКОВ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	41
Ошан Ж., Ботоноев Ж.С. СВЕДЕНИЯ О БУРЫТАХ (КЫРГЫЗАХ) В КИТАЙСКИХ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ, ИЗУЧЕННЫХ КАЗАХСКИМИ ВОСТОКОВЕДАМИ.....	53
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т. КОЧЕВАЯ ЭЛИТА В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: ОТ РАННЕГО ГОСУДАРСТВА ДО КОЧЕВОЙ ИМПЕРИИ.....	68

ИСТОРИЯ

Бижигитова К.С., Джампеисова Ж.М. ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ И САМОИДЕНТИФИКАЦИИ СЕМИРЕЧЕНСКИХ КАЗАКОВ В КОНЦЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	84
Дуйсенова Н.К., Смагулов Б.К. ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ В ПЕРИОД 1940 – НАЧАЛА 1950-Х ГОДОВ.....	97
Комилов Н., Касымова Д.Б., Байжуманов З.Б. ПРЕДВЗЯТОСТЬ МАТЕРИАЛОВ СЛЕДСТВИЯ В СССР В КОНТЕКСТЕ «САДВОКАСОВЩИНЫ» (1928–1938)	111
Коньрова А.М. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В КАЗАХСТАНЕ В 1860–1890-Е ГОДЫ: ИСТОРИКО–ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	124
Мухатова О.Х. ВЕРНЕНСКАЯ МУЖСКАЯ ГИМНАЗИЯ И ЖЕТЫСУСКИЕ ДЕЯТЕЛИ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....	138
Ташагыл А., Муканова Г.К. СУДЬБА ПЕРВОЙ СТОЛИЦЫ СОВЕТСКОГО КАЗАХСТАНА.....	154
Шукеева А.Т., Буканова Р.Г., Утегенов М.З. ИСТОРИЯ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ В ЦЕЛИННЫХ РАЙОНАХ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	166

АНТРОПОЛОГИЯ

Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э. ПРАКТИКА РЕКОНСТРУКЦИИ КОЛОДЦА В МУЗЕЕ-ЗАПОВЕДНИКЕ «ХАН ОРДАСЫ»	179
Сакенов С., Бороффка Н. БРОНЗОВЫЙ СЕРП-КОСА – НАХОДКА ИЗ ОКРЕСТНОСТИ БУРАБАЯ.....	194

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Benhür Ç., Zholdassuly T. INDEPENDENCE OF KAZAKHSTAN AND THE TURKISH PRESS.....	7
Van Cappel G., Thomas A. MODERNITY AND TOTAL WAR: A SUCCESSFUL MARRIAGE? (A CRITICAL ANALYSIS)	16
Kuanbay O.K. JAPAN'S FOREIGN POLICY IN THE POST-BIPOLAR SYSTEM ERA.....	26
Nurmukhambetov A.A. THE ROLE OF THE NATIONAL INTELLIGENTSIA IN THE PREPARATION OF TEXTBOOKS IN KAZAKH LANGUAGE IN THE EARLY TWENTIETH CENTURY.....	41
Oshan ZH., Botonoev ZH. INFORMATION ABOUT THE BURYTS (KYRGYZ) IN CHINESE ARCHIVE DOCUMENTS STUDIED BY KAZAKH ORIENTALISTS.....	53
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A., Moryakova M.T. NOMADIC ELITE IN THE HISTORY OF THE KAZAKH STEPPE: FROM THE EARLY STATE TO THE NOMADIC EMPIRE.....	68

HISTORY

Bizhigitova K., Jampeissova ZH. THE PROBLEMS OF IDENTIFICATION AND SELF-IDENTIFICATION OF THE SEMIRECHYE COSSACKS IN THE LATE XIX th – EARLY XX th CENTURIES.....	84
Duisenova N., Smagulov B. THE MAIN ACTIVITIES OF THE CENTRAL STATE MUSEUM IN THE PERIOD BETWEEN 1940S AND EARLY 1950S.....	97
Komilov N., Kassymova D., Baizhumanova Z. BIAS OF INVESTIGATION MATERIALS IN THE USSR IN THE CONTEXT OF "SADVOKASOVSHINA" (1928–1938)	111
Konyrova A. RESETTLEMENT POLICY OF TSARIST RUSSIA IN KAZAKHSTAN IN THE 1860S–1890S: HISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS.....	124
Mukhatova O. VERNY MEN'S GYMNASIUM AND ZHETYSU FIGURES OF THE ALASH MOVEMENT.....	138
Tashagyl A., G. Mukanova G. THE FATE OF THE FIRST CAPITAL OF SOVIET KAZAKHSTAN.....	154
Shukeyeva A.T., Bukanova R.G., Utegenov M.Z. EVERYDAY LIFE HISTORY IN VIRGIN LANDS OF THE NORTH KAZAKHSTAN.....	166

ANTHROPOLOGY

Kartaeva T., Daubaev Y., Altynbekova E. THE PRACTICE OF WELL RECONSTRUCTION IN THE «KHAN ORDASY» MUSEUM- RESERVE.....	179
Sakenov S., Boroffka N. THE BRONZE SICKLE-SCYTHE – A FIND FROM THE VICINITY OF BURABAY.....	194

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы

2023. 10(1)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.03.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй